

**КЕЛІСІЛДІ** \_\_\_\_\_  
М.Ғабдуллин атындағы №3  
көпсалалы гимназиясының  
Кәсіподақ ұйымының төрағасы  
Искакова С.К  
«    »                      2023ж

**БЕКІТЕМІН** \_\_\_\_\_  
М.Ғабдуллин атындағы №3  
көпсалалы гимназия директоры  
А.М.Ахмеджанова  
« 17 »                      2023ж

Көкшетау қаласы әкімдігінің «М.Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназиясы» Мемлекеттік коммуналдық мекемесінің

**Оқушылардың ішкі тәртібінің**  
**ЕРЕЖЕСІ**

«Гимназияның ішкі тәртіп ережелері»

**Оқушыларға арналған ЕРЕЖЕЛЕР**

Осы Ереженің мақсаты: Қазақстан Республикасы жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту, оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп маңайында оқушылардың жүріп тұруына қауіпсіздік жасау.

Оқушылар: Гимназия Жарғысын орындауға, мектептің, өзінің және басқаның мүлкін, мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға және ұстаздар мен басқа жұмыскерлердің еңбегіне құрметпен қарап мектепшілік Ережені сақтауға міндетті.

1. Оқушылардың сыртқы келбеті.

Бекітілген үлгідегі мектеп формасын киюге: (киім үлгілері мектеп сайтында, әлеуметтік желіде бар) Мектепте, тазалықты сақтау мақсатында барлық оқушылар, екінші жеңіл аяқ киім киіп жүруі керек.

Спорттық киімді дене шынықтыру сабағында ғана кию керек, басқа сабақта киюге рұқсат етілмейді.

Мектепте себепсіз сыртқы киіммен жүруге болмайды.

Салтанатты жиналыстарға және жалпы мектептік шараларға оқушылар мерекелік киім киіп келуге тиіс. Мерекелік кештерге, концерт және дискотекаларға оқушылар қалаған киімдерін киіп келеді.

**Жалпы тәртіп ережелері**

Оқушылар мектепке мектеп формасын киіп, таза күйінде сабақ басталар алдында 15 минут қалғанда кешікпей келулері керек.

Мектепке кіргеннен кейін оқушылар сыртқы киімдерін және аяқ киімдерін шешіп екінші аяқ киімдерін киеді, қыздар шаштарын буып, әдемілеп, киімдерін дұрыстап, сыныпқа кіріп оқу құралдарын дайындап мұғалімді күтіп отырады.